

DOI 10.51582/interconf.7-8.04.2021.031

Таирова Бағила Лесқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
Философия және саясаттану кафедрасының доценті,
Республика Казахстан

Рахимова Гүлнара Дүйсенқызы

Философия ғылымдарының кандидаты
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университеті,
Республика Казахстан

АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС МӘДЕНИЕТІНДЕГІ МУЗЫКА ӨНЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының музыка өнерінің бастаулары туралы автор ой жүргізеді. Шығыс мәдениетіндегі музыканың орны жөніндегі тарихи деректерді негізге ала отырып жазылмаған заңдылықтардың көзі ретіндегі тұжырымды алға тартады. Адамның жан дүниесі мен оның табиғатпен үйлесімділігін қазақ халқы тілсіз түсіне білу үрдісіне ие болғандығы жөнінде Әл-Фараби, Қорқыт, Абай, Құрманғазы шығармашылықтарынан мысалдар келтіре отырып көрсетуге тырысады.

Түйін сөздер: Қазақ халқының саз өнері. Абайдың музыка әлемі. Шығыс мәдениетіндегі музыка.

Қазақ халқының тарихы мен мәдени бастауларының айғағын оның саз өнеріне терең ой жүгірткен адам бойлай алады. Соның бірі Абайдың музыка әлемінде қомақты орын алатыны анық. Абай өз заманында әуезді музыканың төңірегінде қомақты да келелі ойлар қалдыра білді. Ол орыстың алдыңғы қатарлы ақындары мен жазушыларының өлеңдерін орыс тіліне аударып қана қоймай, оларға әнде жаза білді. Абай поэзия мен музыка әлемін ұштастыра білген бірегей тұлға. Оның ұлылығыда сонда, халқының жүрегін тербететін әуезді әндерді дүниеге әкелді. Оның әндері сол заманның өзінде ауыздан ауызға тарап, халқымыздың арғы тарихымен астасатын мықты әуезді әндерді шығарып, талайдың жүрегін жаулауында. Абай әндері бүгінде халқымыздың

жүрегінен орын алып, ол әлемнің қанша елінде орындалып жатыр. Музыка өнерінде орындаушысы мен тыңдаушысына қатты талап қоя білген Абайдың сөз өнерінің қадірін түсініп, бағалауға шақырған. Ендеше, Абай саз өнерінің адам болмысы мен жаратылыстың құпия сырларымен астастыра білген тұстары оның ырғақ пен ритмге баса назар аударғанымен ерекшеленеді. Абай әндерінің стильдік ерекшеліктеріне назар аударатын болсақ кез-келген дауысқа келе бермейтін ауырлығымен, салмақтылығымен («Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» т.б.) ерекшеленеді. Абай әндерінің композициясына қарап халықтың мінезін аңғаруға болатындай сезімді көрсете білді. Себебі, өз заманында естір құлақ пен есер құлақтың тыңдарманына жете жеткізе білген сөз өнері мен музыканы астастыра білген данышпан.

Абай заманында оның әндері ауыздан ауызға тарап, кеңінен қанат жайғаны баршамызға мәлім. Адамның жан дүниесінен орын алып отырған шығармалары қазақ мәдениетінің бастауларының бір көзі ретінде орын алады. Бұл атадан балаға ауызша тарайтын жазылмаған заңдылықтар мінезінің атрибуты. Ауызша мәдениеттің қазақ мәдениетінде алатын орны ерекше. Кез-келген әуен ауыздан ауызға таралғанда бастапқы негізден ажырап қалатынында белгілі. Ендеше, Абай заманы сол ауызша мәдениетке негізделген дәстүрмен бірлікте қарастырғанымыз орынды. Абайдың дүниетанымының қалыптасуына шығыстың шайырлары мен орыстың кеменгер тұлғаларының еңбектерін түп нұсқадан оқып, оны халқымыздың төл дүниетанымымен қабыстыра білген туындылары жаңа ырғақ пен жаңа сазды әуендердің негізін қалауға жаңа қырынан қалыптастырды. Ахмет Жұбанов: «Абайдың музыкалық мұрасы тек совет өкіметі тұсында ғана жиналып, нотаға түсіріле бастады. Қазақтың халық музыкасын жинаушы А.Затаевич 1925 жылы Абайдың бірнеше әнін нотаға түсіріп жариялады», деген болатын. Абайды қоршаған орта, дүние, болмыс, жаратылысқа қатысты ойлар жиі мазалаған. Өмірдің заңдылықтары мен әлем заңдылықтарының арасындағы үйлесімділіктің бұзылмауына қатты мән берген. Адам өмірінің мақсаты кемелдену мен жетілуге негізделген жағдайда ғана қоршаған орта мен оның тылсым сырларын бойлай алатынына көзжеткізе білген.

Ален Даниелдің айтуынша, ғаламшардағы адамзат өркениеті қалай дамыса, адамзаттың музыка өнері де солай дамыған екен. Батыс пен Шығыс әлеміндегі музыканың өзіндік ерекшелігі мен айырмашылығы бар болса да, олардың басын қосатында әлеммен үндесуге негізделгендігінде. Батысты айтпағанның өзінде, шығыста музыка өнерінің эпицентрі саналған Индия, Иран, Түркі тілдес халықтардың мекендеген аймағы мен Араб мұсылман әлемі, Оңтүстік-Шығыс Азия, ежелгі Чамбо патшалығы, Камбоджа, Тайланд, Қиыр Шығыстағы Қытай, Моңғолия, Жапония, Вьетнамда керемет музыка өнері дүниеге келсе, Африка жүрегіндегі пигмейлер ритмі нәзіктендірілген сәнді әуендерді дүниеге әкелген болатын. Ежелгі заманнан музыкада сиқырлы күш бар деген деректер біздің заманымызға үзік-үзік жеткен болатын. Музыка өнерінің қалыптасу, даму тарихы әр елде әр түрлі болғанымен бір уақытта қалыптасқан болатын. Солардың бірі Араб музыка тарихында Хауа Ананың жұмақтан қуылғаннан кейінгі күйініші музыка арқылы жеткен деген пікір бар болса, «ертедегі Египетте арфаны тартқанда әйел құдайлар Мертпен Изидега және Озирис құдайды мадақтайтын өлеңдерді қоса айтатын болған. ..Ежелгі шумерліктер өз құдайын музыканттар деген. Осыған байланысты мемлекеттік Иерархияда музыканаттарды ерекше құрметтеген. Олар Таммуз, Иштари құрметіне өлең шығарған. ...Қытай музыка тарихында Конфуцийдің өзі музыкант болды-мыс делінеді. Үндістанда музыкамен Сараватидың жұбайы Брахма айналысқан. ...Көне Шығыс елдерінде музыка құдайдың құдіретімен болады деп сенген. Осыған байланысты музыканы астральдық (жұлдыздық, аспандық) ұғымда түсінген. Жылдың он екі айының әрқайсысына сәйкес музыкалық интервалға жіктелетін он екі сатылы – мектебі болды, жеті аспанға сәйкес жеті нотасын жасады т.б» [1, 379]. Ежелгі шумерліктердің дүниетанымы олардың көнеден келе жатқан ескерткіштері көптеген мағлұматтарды береді. Адам мен әлем арасындағы қатынаста белгілі бір құдіретті күштердің атқаратын қызметіне қатты мән берген. «Тым ежелгі жазба ескерткіштерден бізге белгілі болған жай: шумер теологтары құдіреті күштілер жайлайтын қасиетті мекенге орныққан, адамдарға ұқсайтын, әйтсе де мәңгі өмір сүретін, адам баласының қолынан келмейтін ғаламат

ғажайыптарды жасауға қабілетті, мызғымас заңдарға сай айқын жоспар бойынша әлемнің бағыт- бағдарын айқындап, басшылық етіп отыратын тіршілік иелері бар екеніне күмәнданбаған» [2,175]. Ежелгі шығыс елдерінің дүниетанымына тән үрдіс. Себебі ежелгі үнді, шумер, түркілер танымындағы белгілі бір ұқсастықты аңғартады. Ежелгі түркілерде жердің, судың, ауаның, оттың атқаратын қызметіне тоқталып, олардың адамзат тіршілігіне қосатын үлесі мен пайдасын елеп, қадірлеген болатын.

Ихуан ас-Сафа әуенді жүйелік мақсатты белгілеріне байланысты сегіз түрге бөледі: 1. Рухани әуендер. Олар храмдарда (мешіттерде) сыйынған кезде, құрбан шалу кезінде, жоқтау кезінде көбірек пайдаланылады. Өте «қайғылы» адамдардың жүрегіне әсер етеді. Өткен қателіктерін мойындатып, тәубеге келтіреді; 2. Әскери- бұл «сергек» әуендер. Қолбасшылар соғыс кезінде әскерді жігерлендіру үшін пайдаланған. 3. Емдік қасиеті бар әуендер. Емханада таңға жуық айтылатын әуендер. Аурулардың дертін жеңілдетіп, кейде емдеп жіберетін әуездер. 4. Жерлеу кезіндегі әуендер. Адамның жанын тыныштандырады, қайғы-қасіретті, өкінішті жеңілдетеді; 5. Ауыр жұмыстар істеген кезде пайдаланылатын еңбек әуендері. Жанның қажуы мен тәннің шаршауын жеңілдетеді; 6. Салтанатты қуанышты әуендер. Той кезінде шырқалады; 7. Аңдармен, жан-жануармен байланысты әуендер; 8. Бесік жырлары. Сонымен әуен түрлері сегіз, саны шексіз, ол бір Аллаға ғана аян. Ихуан ас-Сафаның әуендерді бұлай бөліп қарастыруының өзіндік мәні бар. Себебі, әрбір әуен белгілі бір мақсат пен міндетке негізделіп жасалады. Соның негізіне қарай шырқалады. Осы аты аталған сегіз түрлі әуенде өмірде қолданылатын адамның көңіл – күйінің әр кезде әр түрлілігіне қарай бүгінде орындалып отыр. Ихуан ас-Сафа ортағасырларда өмір сүрген тұлға. Ол музыка іліміне қатысты бірнеше туындыларды дүниеге әкелген болатын. Зерттеуші ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Ихуан ас- Сафаның пікірі бойынша, музыка ғарыштық жүйенің ішкі негізін құрайды. Музыкалық аралық интервал аспан денелерінің арасындағы ара қашықтыққа сәйкес негізделгенін баяндаған болатын. Орталық Азия мен Иран музыка саласындағы теоретик ретінде Ибн Сина өте жоғарғы беделге ие болған. Ол

музыка өнерінің теориясына қатысты құнды еңбектер жазған болатын. Оның еңбектері белгісіз себептермен жоғалып кеткен екен.

Әл-Фарабиді мұсылман әлемі логик, саяси философ, метафизик, музыкант ретінде мойындаған болатын. Оның ең үлкен музыка ғылымына қосқан үлесі тәжірбиелік музыканы өз заманында теориялық музыкаға ұштастырды. Оның музыка саласындағы ең үлкен еңбегі *Музыканың Үлкен Кітабы* болатын. Әл-Фараби зерттеулеріне жүгінетін болсақ, ол музыка ғылымын бес тарауға бөлген болатын:

- музыка ғылымының принциптері;
- музыкалық өнердің негіздерін мен дыбыс тондарын шығару;
- музыкалық аспаптардың саналуандығы;
- дыбыс тондары болып табылатын табиғи ырғақтардың түрлері;
- музыкалық композиция мен ырғақтар құрастыру.

Музыканың Үлкен кітабын әл-Фараби уәзір Абу Джафар Мухамед әл-Қасым әл-Кирхидің өтінішімен жазылған [3,430]. Әл-Фарабидің музыка ғылымына қосқан үлесі зор. Ол осы кітапты жазбастан бұрын өзіне дейінгі қаншама ғұламалардың еңбегін түп нұсқадан оқып, жете зерттеген ғалым болатын. Ол осы кітапты жазарда екі түрлі мақсаты болған екен. Біріншіден, математикалық ғылымдардың құрамдас бөлімі болып табылатын музыканың алғашқы түпкі бастамасын анықтау болса, екіншіден музыкамен айналысқан теоретиктердің еңбектерін елеп-екшеп, қатесі болса тауып көрсетіп, сын көзбен баға беру. Осы екі түрлі мақсатпен жазылған кітаптың мәнін ашуға негізделген. «Тәжірбиелік музыка оның ойынша табиғи және жасанды болып бөлінетін түрлі әуендер мен оны орындайтын аспаптардың үндестігіне қатысты. Табиғи әуенді адамның өзі көмей, таңдай тілшігі мен оның бөліктері және мұрын арқылы жандандырады, ал жасанды әуенді флейта, лютня т.б. аспаптар көмегімен естиміз. Теоретикалық музыка- әуеннің аспаптар мен нысандарға тәуелсіз-ақ адам жанын баурайтын ұтымды себептерін анықтайды. Осы мәселені әл-Фараби *Музыканың Үлкен кітабында* жан-жақты өрбітіп, күй өнері (әлбан) болып аталатын тәжірбиелі музыка өнерін (синна) ерекше түсіндіреді [4,124]. Жалпы, әл-Фараби кез келген әуеннің аспаппен

сүйемелденуіне қатты мән берген. Ол тәжірбиелік музыка өнерінде мелодия, соғулар мен дүрсілдер туралы жазған болатын. Ол музыка мен поэзияның өзара байланысына ерекше мән берді. Оған себеп, классикалық ислам мәдениетінде әуенмен үндестікте болатын поэзияның орны ерекше.

Л.Н.Гумилев былай деп жазады: «көшпенділер өркениеті Жерорта теңізі халықтарымен салыстырғанда шығармашылық эволюцияны бастан кешірді. Еуразия сахарасының көшпенділері өз өркениеттерін б.э.д. VI ғасырдан XVIII ғасырға дейін алып келе алды» деген ойы орынды болатын. Қазақ өркениеті де өз тамырын Ұлы Дала мен Қос өзен арасында көшіп- қонып жүрген арийлерден алады. Зерттеуші ғалымдар пікіріне сүйенсек, жалпы адамзаттық құндылықтар мен этика арийліктерден басталатынын дәлелдейді. Н. Амрекулов өз еңбегінде былай дейді: «Ғарыштың моральдық- этикалық заңдылықтары түріндегі сезімтал ең ежелгі монотеистік дін зороастризмнің бастамасы да осы кезеңге борыштар» деген ойы бүгінде құнды. А.Мюллер: «әл-Фараби бүкіл мұсылман шығысының кемеңгер ойшылы, ол ғажайып еңбектер тудырды. Одан бұрынғылар тек бетін қалқып өткен еді» деп әділдігін айтса, Әбу Әли Ибн Синаның өзі Әл-Фараби шығармаларын пайдаланғанын, соның арқасында мәшһүрлікке қол жеткізгенін үнемі айтып өткен. Бүгінде әлемдік деңгейде әл-Фараби және Абай бабамыздың мұрасын кейінгі ұрпақ қайта саралап, оны өз деңгейінде тануға және танытуға күш жұмсап жатса, бұл ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың қайта жаңғыруына әкелетін келелі іс.

«Музыка – өнердің ұлттық тілге, мемлекеттік шекараға бағынбайтын жанры саналады. Алайда, барлық өнер туындылары тәрізді музыкалық шығармалар да ұлттық дүниетаным мен түсініктен бастау алып, туған халқының мұңы мен арманын бейнелегенде ғана шынайы сипатқа ие бола алады. ...Философиялық және рухани-адамгершілік астары тереңде жатқан Құрманғазы күйлерін тыңдаған кез келген қазақ баласының неге делебесі қозып, көзі от шаша бастайды. Себебі, бұл күйлердегі кең даланы дүбірлеткен ат тұяғының дүрсілі, ию-қию араласқан шайқас сарыны, үздігіп барып кең жазыққа шыққандай, жарқын жеңіске жеткендей жайраңдап шыға келетін жайма-шуақ қоңыр әуен. ...бәрі-бәрі сонау түркілік заманнан біздің қанымызға

сінген, қаншама жыл өзгелердің езгісіне түссек те түйсігімізден өшпеген даналық және жауынгерлік рухтың көріністері. Ұлы күйші сол көріністерді жүрегінен қайта өткізіп, адам-табиғат қатынасын өлмес күй тіліне айналдырды. Халқының қалғып бара жатқан рухын дүр сілкіндіре оятып, намысымызға ұрпақтан-ұрпаққа жететін шоқ тастап кетті» [5,474-475бб]. Адам өз бойындағы барлық күшті объективті дүниеден алады. Оны сезініп, танып-білу арқылы ұғып, түсінеді, өз ойын толықтырады. Дүниедегі, өмірдегі мәселелерді, көрген-білгенін бейнелеп, толғамаса ой да шарықтамайды, дүниені түсіну мүмкін емес [6,140 б.]. Халқымыздың арғы- бергі тарихында музыка мен айналыспаған тұлға жоқ. Соның бірегейі Қорқыт бабамыздың тарихтағы орны мен қылқобызынан шыққан күйдің ескегін ешкім жоққа шығара алмас. Қорқыт өз заманында діннен гөрі өнерді жоғары бағалап, әлеммен үндесуге шақырған кемеңгер тұлға болатын. Қорқыттың сазы бөлек, таза философиялық категория. Өмір мен өлім арасындағы адамның қарбалас тіршілігінің бірден бір көріністерін Қорқыт саз арқылы адамзатқа жеткізуге ұмтылады. Бұл жерде Қорқыттың өзі бір төбе болса, оның сазды өнері бір төбе ретінде қарастырылады. Қорқыт сазының негізгі аспабы – қобыз. Қобыз – сакралды аспап. Домбыра кез келген қазақтың шаңырағында ілініп тұрса, қобыз олай емес. Қобыз атадан бабаға тек мирас ретінде ғана аманат етілген аспаптың бірі. Ол көбіне мұңлы сарынның, жоқтаудың жаршысы болғандықтан бұл аспапқа кез келген адам жақындай алмаған. Бақсылардың сарыны деп ұққан.

Қобыздың ең жоғарғы элементі – адамның алақаны. Себебі оның формасы құралды жасаған қолдың ишарасы. Бұл палеолиттен келе жатқан Жаратушы ие символы деген түсінік қалыптасқан [7,71 б.]. Бергі тарихымызда, Асан қайғы, Қазтуған, Шал киіз. Бұқар жыраулар тарихқа өшпестей ізін қалдырды. Олардың артына қалдырған мол мұрасын кейінгі ұрпақ қайта зерделеп, танытып жатса, ұлттың өскені болып саналады. Музыка өнерінде арыда Қорқытты, әл-Фараби мен бері де жыршылар мен Ұлы Абайды, Дина мен Құрманғазылардың еңбегін бүгінде заманауи үлгіде қайта танып және танытып жатсақ, бүгінгі заманның рухани жаңғыруында қайта

түлегеніміз болып саналады. Бұл тарихи сананың қайта жаңғыруына алып келетін келелі үрдіс. Ендеше, осындай алыптардың еңбегін елеу арқылы ұлтымыздың ұлттық санасын көтеру тұр. Бұл бүгінгіміз бен болашағымыздың дұрыс тұруына септігін тигізетін үрдіс деп танығанымыз дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Астана, 2005. 2-т 479б., 4-т , 533б., 7-т., 543б., 16-т, 437б.
2. Мәдениет және ориентализм.- Алматы: Жазушы, 2006.- 496 б.
3. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. Алматы «Ғылым» 1993.
4. Әбу Наср әл-Фараби- түркі-ислам ойшылы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Астана, 2005
5. Нысанбаев Ә. Қазақ философиясы хақында // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 14-том. Астана, 2006.
6. Рахимова Г.Д. Құрманғазы дүниетанымы қалыптасуының мәдени-философиялық алғышарттары.
7. Бұл да сонда.